

Краткий агрометеорологический обзор за 2 декаду августа 2026 года.

Во второй декаде августа в основных зерносеющих регионах страны на посевах яровых зерновых культур в основном наблюдалась фаза развития «полная спелость», в отдельных районах «восковая спелость», приступили к уборке урожая.

На севере страны на посевах яровой пшеницы и ярового ячменя в основном наблюдается фаза развития «полная спелость», на отдельных участках «восковая спелость». Состояние яровых зерновых культур и посевов в основном хорошее и отличное, на отдельных участках удовлетворительное. В Аршалынском, Егиндыкольском, Целиноградском и Шортандинском районах Акмолинской области, в Карасуском, Камыстинском, Костанайском, Алтынсаринском, Аулиекольском, Узункольском и Наурзумском районах Костанайской области, в Иртышском, Успенском и Железинском районах Павлодарской области, в районах Шал акына, Жамбылском, М.Жумабаева и Г.Мусрепова Северо-Казахстанской области приступили к уборочным работам яровой пшеницы. В Зерендинском и Жаркаинском районах Акмолинской области, в Денисовском и Карасуском районах Костанайской области, в районах Шал акына и Есильском Северо-Казахстанской области приступили к уборке ярового ячменя, а также в Успенском районе Павлодарской области на посевах ярового ячменя приступили к скашиванию в валки.

На западе и северо-западе страны на посевах яровых зерновых культур наблюдается фаза развития «полная спелость», в отдельных участках «восковая спелость», в г.Уральск Западно-Казахстанской области и в Айтекебийском районе Актюбинской области приступили к уборке урожая яровой пшеницы. Состояние растений в основном хорошее и отличное.

На востоке в Урджарском, Жарминском и Бородулихинском районах Абайской области и в Восточно-Казахстанской области на посевах яровых зерновых культур в основном фаза развития «полная спелость», в Глубоковском районе Восточно-Казахстанской области на отдельных участках «молочная спелость». Состояние растений хорошее и отличное. В Бородулихинском районе Абайской области приступили к уборке яровой пшеницы и ярового ячменя. В Уланском (яровая пшеница) и Шемонаихинском (яровой ячмень) районах Восточно-Казахстанской области на наблюдаемых участках отмечались уборочные мероприятия (скашивание в валки).

В центре страны в Осакаровском, Нуринском, Актогайском и Бухар-Жырауском районах Карагандинской области на посевах ярового ячменя наблюдается фаза развития «полная спелость», в Каркаралинском районе на поздних посевах «колошение». В Актогайском и Нуринском районах

Карагандинской области приступили к уборке ярового ячменя. На посевах яровой пшеницы наблюдается фаза развития «полная спелость». В Улытауском районе Улытауской области на посевах яровой пшеницы приступили к уборке урожая. Состояние растений в основном хорошее, в отдельных участках удовлетворительное.

На юго-востоке страны на посевах яровых зерновых культур наблюдается фаза развития «полная спелость», продолжают уборку урожая ярового ячменя.

На востоке и севере страны на посевах подсолнечника продолжается фаза развития «созревание»-«уборочная спелость». Состояние растений хорошее и отличное, в отдельных участках удовлетворительное.

На юге страны на полях с хлопчатником наблюдаются фазы развития «цветение»-«раскрытие 1-й коробочки». Состояние растений хорошее и отличное.

В Шиелийском районе Кызылординской области и в Каратальском районе области Жетісу на посевах риса наблюдаются фазы развития «молочная спелость»-«восковая спелость». Состояние растений хорошее и удовлетворительное.

На последний день декады отличное состояние травостоя наблюдается в Северо-Казахстанской области (станция Талшык), а также на отдельных пастбищах в Актюбинской (станция Карабулак), Алматинской (станция Аул №4) областях, хорошее состояние травостоя преобладает в Карагандинкой, Атырауской, Жамбылской, Кызылординской областях и в большинстве наблюдательных пунктов Актюбинской области, удовлетворительное состояние в большинстве пунктов Туркестанской области, области Жетісу, Улытау, также в Костанайской Западно-Казахстанской областях.

В целом, во второй декаде августа, по результатам инструментального определения запасов продуктивной влаги в почве, в пахотном слое почвы в основном наблюдается иссушение почвы. В северных зерносеющих регионах (Костанайская, Акмолинская, Северо-Казахстанская и Павлодарская области) в полуметровом и метровом слоях почвы, запасы продуктивной влаги в большинстве наблюдательных участков сохраняются удовлетворительными и оптимальными. На западе запасы продуктивной влаги (ЗПВ) характеризуются неравномерностью, в Западно-Казахстанской области в полуметровом и метровом слоях наблюдается улучшение запасов влаги в почве, в Актюбинской области в этих слоях отмечались недостаточные влагозапасы. В центральных и восточных регионах страны в пахотном и полуметровом слоях преобладали недостаточные запасы продуктивной влаги. На юге и юго-востоке (полуметровой, метровой) благодаря орошению полей запасы влаги остаются удовлетворительными и оптимальными.

2026 жылдың тамыз айының 2 онкүндігіндегі қысқаша агрометеорологиялық шолу.

Тамыз айының екінші онкүндігінде еліміздің негізгі астық егетін өңірлерінде жаздық дәнді дақылдар егістіктерінде көбінесе «толық пісу» даму фазасы байқалады, жекелеген аудандарда «дәннің уыздануы» фазасы байқалып, егін жинау жұмыстары басталды.

Еліміздің солтүстігінде жаздық бидай мен жаздық арпа егістіктерінде көбінесе «толық пісу», жекелеген учаскелерде «дәннің уыздануы» фазалары байқалады. Жаздық дәнді дақылдар мен егістіктердің жай-күйі көбінесе жақсы және өте жақсы, жекелеген учаскелерде қанағаттанарлық. Ақмола облысының Аршалы, Егіндікөл, Целиноград және Шортанды аудандарында, Қостанай облысының Қарасу, Қамысты, Қостанай, Алтынсарин, Әулиекөл, Ұзынкөл және Наурызым аудандарында, Павлодар облысының Ертіс, Успенка және Железинка аудандарында, Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев және Ғабит Мүсірепов аудандарында жаздық бидайды жинау жұмыстары басталды. Ақмола облысының Зеренді және Жарқайың аудандарында, Қостанай облысының Денисов және Қарасу аудандарында, Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын және Есіл аудандарында жаздық арпаны жинау жұмыстары басталды. Сондай-ақ Павлодар облысының Успенка ауданындағы жаздық арпа егістіктерінде дестелеп шабу жұмыстары басталды.

Еліміздің батысы мен солтүстік-батысында жаздық дәнді дақылдар егістіктерінде көбінесе «толық пісу», жекелеген учаскелерде «дәннің уыздануы» даму фазалары байқалады. Батыс Қазақстан облысының Орал қ. және Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданында жаздық бидайды жинау жұмыстары басталды. Өсімдіктердің жай-күйі көбінесе жақсы және өте жақсы.

Еліміздің шығысында Абай облысының Үржар, Жарма және Бородулиха аудандарында және Шығыс Қазақстан облысында жаздық дәнді дақылдар егістіктерінде көбінесе «толық пісу» даму фазасы байқалады, Шығыс Қазақстан облысының Глубокое ауданындағы жекелеген учаскелерде «дәннің сүттенуі» фазасы байқалады. Өсімдіктердің жай-күйі жақсы және өте жақсы. Абай облысының Бородулиха ауданында жаздық бидай мен жаздық арпаны жинау жұмыстары басталды. Шығыс Қазақстан облысының Ұлан (жаздық бидай) және Шемонаиха (жаздық арпа) аудандарындағы бақылау учаскелерінде егін жинау жұмыстары (дестелеп шабу) жүргізілді.

Еліміздің орталығында Қарағанды облысының Осакаров, Нұра, Ақтоғай және Бұқар Жырау аудандарында жаздық арпа егістіктерінде көбінесен «толық пісу», Қарқаралы ауданындағы кеш себілген егістіктерде «масақтану» фазасы байқалады. Қарағанды облысының Ақтоғай және Нұра аудандарында жаздық арпаны жинау жұмыстары басталды. Жаздық бидай егістіктерінде «толық пісу» даму фазасы байқалады. Ұлытау облысының Ұлытау ауданында жаздық бидайды

жинау жұмыстары басталды. Өсімдіктердің жай-күйі көбінесе жақсы, жекелеген учаскелерде қанағаттанарлық.

Еліміздің оңтүстік-шығысында жаздық дәнді дақылдар егістіктерінде «толық пісу» даму фазасы байқалады, жаздық арпаны жинау жұмыстары жалғасуда.

Еліміздің шығысы мен солтүстігінде күнбағыс егістіктерінде «пісу» – «егіндік пісіп-жетілу» даму фазалары жалғасуда. Өсімдіктердің жай-күйі жақсы және өте жақсы, жекелеген учаскелерде қанағаттанарлық.

Еліміздің оңтүстігінде мақта алқаптарында «гүлдеу»-«1-ші қауашақтың ашылуы» даму фазалары байқалады. Өсімдіктердің жай-күйі жақсы және өте жақсы.

Қызылорда облысының Шиелі ауданында және Жетісу облысының Қаратал ауданындағы күріш алқаптарында «дәннің сүттенуі»-«дәннің уыздануы» даму фазалары байқалады. Өсімдіктердің жай-күйі жақсы және қанағаттанарлық.

Онкүндіктің соңғы күнінде Солтүстік Қазақстан облысында (Талшық станциясы), сондай-ақ Ақтөбе облысының (Қарабұлақ станциясы) және Алматы облысының (Аул №4 станциясы) жекелеген жайылымдарында өсімдік жамылғысының жағдайы өте жақсы, жайылымдық өсімдіктердің жақсы жағдайы Қарағанды, Атырау, Жамбыл, Қызылорда облыстарында және Ақтөбе облысының бақылау пункттерінің басым бөлігінде байқалған, қанағаттанарлық жағдайы Түркістан, Жетісу, Ұлытау облыстарының көптеген бақылау пункттерінде, сондай-ақ Қостанай және Батыс Қазақстан облыстарында болған.

Жалпы, тамыз айының екінші онкүндігінде топырақтың өнімді ылғал қорын аспаптық бақылау нәтижелері бойынша топырақтың беткі қабатында көбінесе топырақтың құрғауы байқалады. Солтүстіктегі астық егетін өңірлерде (Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстары) топырақтың жарты метрлік және метрлік қабаттарында бақылау учаскелерінің басым бөлігінде өнімді ылғал қоры қанағаттанарлық және оңтайлы болып сақталуда. Батыста өнімді ылғал қоры (ӨЫҚ) біркелкі болмаған, Батыс Қазақстан облысында топырақтың жарты метрлік және метрлік қабаттарында ылғал қорының жақсаруы байқалады, ал Ақтөбе облысында осы қабаттарда ылғал қорының жеткіліксіздігі байқалды. Елдің орталық және шығыс өңірлерінде топырақтың беткі және жарты метрлік қабаттарында өнімді ылғал қорының жеткіліксіз деңгейі басым болған. Оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірлерде (жарты метрлік және метрлік қабаттарда) егістіктерді суаратындықтан ылғал қоры қанағаттанарлық және оңтайлы болып сақталған.